

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 және "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 719 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Әсет Арманұлы Ерғалиев;"

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Мәдиев Жаслан Хасенұлы;"

2) "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үлтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестіруші болып Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Мәдиев Жаслан Хасенұлы тағайындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин